



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

13 желтоқсан
сейсенбі
№99 (1903)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Кез келген өркениетті қоғам үшін
сыбайлас жемқорлықпен күресу өзекті
мәселенің бірі екені белгілі. Бұл қанша
уақыттан бері бүгінгі күнге дейін
жойылмай отырған кеселдердің бірі. Бұл
дамушы елдердегі біздің мемлекетімізге
де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.
Сондықтан да Мемлекет басшысы
сыбайлас жемқорлықпен күресуге
басымдық берді.

ЖАНЫ ТАЗАНЫҢ АРЫ ТАЗА

Ел Президенті халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды. «Бүкіл қоғамды жемқорлықпен күресуге жұмылдыру қажет. «Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру бүкіл мемлекеттік органның ортақ жұмысы болуға тиіс» – деді Президент. Осы мақсатта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңес өткені белгілі. Онда бұл кеселді жоюдың, онымен күресудің алғышарттары айтылған еді.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтті. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

«Түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықсыз таза қоғам қалыптастыру. Жемқорлықты жою үшін оған бүкіл ел болып қарсы тұруымыз керек. Оған қоса заңнамалық шаралар қабылдауға тиіспіз. Сонымен бірге, жемқорлыққа қатысты қылмыстарды анықтау және ашу жөніндегі жұмыстарды күшейту қажет. Сонда ғана жемқорлыққа қарсы табанды түрде күрес аламыз» – деген еді Президент аталған кеңесте сөйлеген сөзінде.

Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керектігі. Дегенмен паракорлық сынды жайттармен жиі бетпе-бет келудеміз. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Демек, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет-ақ.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы заңсыз әрекеттер мен азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Сондықтан дерттің алдын алып, жолын кесу керек. Ол үшін «құмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, баріміз бірге күресуіміз тиіс. Осы мақсатта аймағымызда тиісті жұмыстар атқарылуға. Айта кету керек, қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен жыл басынан бері аймақта халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды түсіндіру бағытында барлығы 25 шара өткен. Мұнан бөлек, діни бірлестіктер және өзге де этнос өкілдерімен 6 шара, жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша түрлі форматтағы 18 шара және мемлекеттік қызметшілердің зиялы қауым өкілдерімен 3 кездесу ұйымдастырылған.

Сонымен қатар баспасөз беттерінде «Антикор», «Тура биде туған жоқ», «Жемқорлықпен бірге күресеміз» тақырыптарында арнайы айдарлар ашылған.

Жемқорлықты жоюды мақсат еткен елдің осы бағыттағы жұмыстары кенінен насихатталып, өз талап үлесімен орындалуына әрбір азамат атсалысуға тиісті. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюға, құқықтық түсіндіру жұмысының денгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Яғни халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай шара қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білуі қажет. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Жана Қазақстан құруда еділік пен турашылықты ту ету бүгінгі жастардың қолында. Жаны тазаның, ары да таза болатынын ұмытпайық.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

2 БЕТТЕ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Елімізді өркендетеміз десек, бәріміз бір ел болып күш жұмылдыруымыз керек»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті, деп хабарлайды Президенттің баспасөз қызметі. Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыс әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Президент өз сөзінде еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыланып, алда тұрған басты міндеттер айқындалатынын атап өтті.

– Қордаланған мәселелер аз емес. 11 айда экономиканың өсімі 4,6 пайыздан 2,7 пайызға дейін төмендеді. Инфляция соңғы 14 жылда болмаған деңгейге жетті. Қазір бұл көрсеткіш – 19,6 пайыз. Мұндай ахуал жұрттың табысына және әл-ауқатына кері әсерін тигізіп отыр. Жуырда өткен Президент сайлауы – бұл халықтың бізге арқан зор сенімі және қолдауы. Азаматтарымыз нақты он өзгерістер бүгін және қазір болады деп үміттеніп отыр. Осы үміт пен сенімді ақтау – алдымызда тұрған ең басты міндет әрі қастерлі парыз, – деді Мемлекет басшысы.



Президент өзінің сайлауалды бағдарламасында еліміздің жаңа даму бағдары айқындалғанын, азаматтардың табысын арттырып, өмір сапасын жақсартуға баса назар аударылатынын атап өтіп, ерекше мән беруді қажет ететін бірқатар мәселеге тоқталды.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесін көтерді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ауыл мен қаланың ауқымында шешіле беретін тұрмыстық мәселелерді Үкіметтің денгейінде қарауға мәжбүр болып отырмыз. Өйткені осы саладағы төтенше оқиғалар тым көп болып кетті. Петропавл, Теміртау, Степногорск, Балқаш, Қарағанды, Ақтөбе және Риддер қалаларында болған апаттардың ешқайсысынан

әкімдер мен министрлер, әсіресе меншік иелері тиісті қорытынды жасаған жоқ.

– Жакында Екібастұзда болған төтенше жағдай бұл саладағы ахуалдың қаншалықты күрделі екенін айқын көрсетті. Қызметкерлердің жауапсыздығы, бақылау жүйесінің қауқарсыздығы мыңдаған адамды жылуысыз қалдырды. Жауапты қызметкерлер қысты қалыпты режимде, аман-есен өткіземіз деп есеп берген. Бірақ іс жүзінде жағдайдың қалай болып жатқанын көріп отырсыздар. Павлодар облысының әкімі өз өтінішімен қызметінен босатылды. Ал қызырлы мемлекеттік орган – Энергетика министрлігінің ешқандай әрекетін көрген жоқпыз, бұл мекеме апатқа селқос қарап, бейтараптық

танытты. Сондай-ақ төтенше жағдай қызметтерінің жұмысы дұрыс жолға қойылмаған. Олар баяу қимылдап, салғырттық танытты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тозу деңгейі 90 пайыздан асқан Екібастұз ЖЭС-ін мемлекетке 1 теңгеге сату туралы ұсыныс сараптауды қажет ететінін айтты. Оның пікірінше, нысанға тәуелсіз аудит жүргізу керек. Әбден тозған орталықты мемлекеттің тиімді басқару алу мәселесін зерттеу керек. Кәсіпорынның 50 пайызын алып, меншік иесіне Жылу электр орталығын күрделі жөндеуден өткізуді тапсырған жөн.

– Екібастұз тұрғындарына келтірілген зардапты өтеу шығындары меншік иесі мен республикалық бюджет арасында бөлінуі керек.

Үкіметтің алдында соңғы жылдары меншік иелері ештеңе істемеген аса маңызды инфрақұрылым нысандарының әрқайсысын кешенді түрде тексеріп, шешім қабылдау міндеті тұр, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздегі ЖЭС-тердің орташа тозу деңгейі 66 пайызға, ал кейбір қалаларда шекті межеден асып, 80 пайызға жеткеніне тоқталды. Жылу электр стансаларының үштен бірінің пайдалануға берілгеніне жарты ғасырдан асқан. Ал Шығыс Қазақстан облысының Риддер мен Шемонайха қалаларындағы жылумен қамту желілері мүлдем тозған.

Президенттің айтуынша, энергетикалық нысандарды уақытылы жаңғырту ісін бақылауға алу Үкіметке бірнеше рет тапсырылған. Өйтсе де әкімдіктерге де туындаған мәселені орталыққа ысыра салуға болмайды.

– Менің тапсырмам бойынша Президент Әкімшілігі жанынан құрылған арнайы комиссия кешенді шаралар әзірледі. Соған сәйкес бақылау-қадағалау тетігін күшейтіп, меншік иелерінің жауапкершілігін және жалпы саланың тиімділігін арттыру қажет. Комиссия дұрыс жұмыс істемей тұрған 19 жылу электр орталығын анықтады. Оларды шұғыл жаңғырту қажет. Алдына ала есеп бойынша, оған шамамен 90 миллиард теңге керек. Бұл қаражат, әрине, энергетикалық кәсіпорындардың тарифтік сметасында ескерілгені жөн. Мемлекет меншігіндегі энергетикалық нысандар бюджет есебінен жөндеуге тиіс. Ал жекеменшік нысандарды «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында өз қаражаты есебінен жаңғырту керек. Үкімет осы міндетті шешуге шұғыл кірісуі тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

КӨРКІҢЕ КӨЗ ТОЙМАС, СӘУЛЕТІҢЕ СӨЗ ЖЕТПЕС –



Ақын Әбділда Тәжібаев:
– Жасас Тарас Днепрді,
Жасас Пушкин Еділді.

Неге маған жырламасқа,

Сырда туған елімді, – деп туған жерін, кіндік қаны тамған өлкесін жырлаған екен. Бұл өлеңге Сырдың тағы бір ұлы жанакорғандық дарынды сазгер, талай жанды сырлы үнімен таңғалдырған талантты әнші Бексұлтан Байкөкеев ән жазып, қанша рет әулетте орындалды. Бұл – туған жерден нәр алған қос дарынның өрнегі, туған елге тартуы. Бірі өлеңмен өрнектелі, екіншісі әнмен әрледі.

Жері де кең, топырағы да шұрайлы

Қызылорданың соңғы 7-8 жыл көлемінде ерекше қарқынмен дамып келе жатқаны баршаға белгілі. Соңғы деректер бойынша аймақта 800 мыңға жуық адам тұрады. Сылаң қаққан Сыр мен қарт Қаратауды, Қызылқум мен Бетпақ даланы қабат қоныстанған облыс аумағы да кең. Оның жалпы көлемі – 226 мың шаршы шақырым. Бұл – бүкіл қазақ жерінің 8,3 пайызы. Қызылорда облысы шығыс және оңтүстік-шығысында Түркістан облысымен, солтүстігінде Ұлытау облысымен, солтүстік-батысында Ақтөбе облысымен және оңтүстік-батысында Қарақалпақстан Республикасымен, оңтүстігінде Өзбекстанның

Науан облысымен шектеседі. Жер көлемі жөнінен республика бойынша 4-ші орында. Еуропаның Австрия, Венгрия, Бельгия, Чехия, Швейцария сынды мемлекеттері облыс төңірегінде түгелдей сыйып кетеді. Тіпті әлемдегі дамыған жеті мемлекеттің қатарына енетін, шығарған автокөліктері арқылы бүкіл дүниежүзіне белгілі алпауыт саналатын Германия жері Қызылорданың аумағындай ғана екен.

3 БЕТТЕ

Баспасөз-2023

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?**

Баспасөзге 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге,
мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса,
мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

БІЛІМНІҢ ЖАҒЫП ШЫРАҒЫН

Қызылорда қаласындағы М.Ералиева атындағы мәдениет үйінде «Алпыс жыл асқақтаған алтын ұя» тақырыбында Әлия Молдағұлова атындағы №173 орта мектебінің 60 жылдығы аталып өтті.

Мәдениет үйі сахнасы күндегі ерекше әрленіп, көпшілік көңіліне шуақ шашып тұрғандай әсер сыйлайды. Жүздері бал-бұл жанған ұстаздар, құшақ-құшақ гүл дәстелерін ұстаған оқушылар күннің ызғарына тонып барған адам жанын бір мезетте жылындырып жібергендей.

Салтанатты жиында мектептің 60 жылдығымен қатар білім ұясына Әлия Молдағұлованың есімі берілгеніне 30 жыл толуына орай білім қызметкерлері арасындағы қалалық кәсіподақ төрайымы Орынша Әлімбетова, қалалық білім бөлімінің заңгері Аралбек Кобегенұлы құттық-тау сөз сөйлеп, ізгі тілектерін білдірді.

– Бұл тарихи терең, келешегі кемел білім ордасы. 1962 жылы

іргесі қаланған білім ұясы өз жұлнамасында талай-талай тұлғалардың көңіліне кияға қанаттандырды. Осында білім нәрімен суындаған шәкірттер еліміздің өсіп-өркендеуі жолында әртүрлі салаларда еңбек етіп жүргенін мақтанышпен атаймыз. Мектепте оқушылардың алаңсыз білім алуына бар жағдай жасалған. Қажетті заманауи құрал-жабдықтармен толыққанды қамтамасыз етілген. Сапалы білім, саналы тәрбие әр шәкірттің өмір жолына темірқазық секілді жол нұсқап тұрады. Пән бірлестіктері оқушының оқуға құштарлығын арттырып, ой өрісінің еркін дамуына септігін тигізеді. Алпыс жылды арқаалаған білім шаңырағы іргесі бекініп, керегесі кеңейген, бірлігі жарасып,

ырысы тасыған ордалы орыңға айналып отыр. Тәжірибелі де, білікті ұстаздарымыз заман талабына сай инновациялық жаңалықтармен, заманауи түрлі әдіс-тәсілдер арқылы шәкірттерін білім нәрімен суындатып жүр. Ұстаз – ұлы есім. Мектеп – кеме, білім – теңіз. «Білімді мыңды жығар» деген даналық сөз тегін айтылмаған. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалаң», – деп ұлы Абай айтқандай адамзат баласының өмірден өз орнын тауып, азамат болып қалыптасуында ата-ананың ролі қандай болса, шәкіртті тәрбиелеп, білім нәрін себетін ұстаздың орны да бөлек. Ел болашағы жолындағы жасампаз істеріңіз үшін, білім беру саласындағы ерен еңбектеріңіз үшін мектеп ұжымына алғыс айта отырып, атаулы мерейтойымен құттықтаймын, – деді білім қызметкерлері арасындағы қалалық кәсіподақ төрайымы.

2 БЕТТЕ



Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



Тарихқа ден қойсақ...

Біз облыс аумағының кеңдігін ғана сөз еттік. Оның көркемдігін тілмен жеткізу тіпті мүмкін емес. Аралдан Жанакорғанға дейінгі аралық небір кереметке толы. Тарихи орындар да жетіп артылады. Облыс аумағындағы Жанкент қаласы Оғыздардың астанасы болса, Сығанақ Ақ Орданың, Қазақ хандығының астанасы болған. Қызылорданың да астана болғаны тарихтан белгілі. Бұл қала Ақмешіт, Перовск, Қызылорда секілді әр кезеңдерде әртүрлі атауға ие болған. Тарихи деректерге сүйенсек, 1818 жылы Қоқан хандығы кезінде Сырдария бойында алғаш қорған ретінде салынған. Оның ішіндегі ақ кірпіштен өрілген мешіттің түсіне сай бекініс Ақмешіт деп аталды. 1853 жылы Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский қоландықтармен соғысып, жеңіске жетеді. Қала Перовск аталып, 1867 жылы ол Сырдария уезінің орталығына айналады. 1922-1925 жылдары қала қайтадан Ақмешіт атанды.

Сырдария өзенінің бойында орналасқан әсем қала жыл өткен сайын дами түсті. Ол 1925-1929 жылдары Қазақстанның астанасы болды. Астана болған сәттен бұл қала Қызылорда деп аталды. Әлі күнге дейін осылай аталып келеді. Ақмешітті астана ету оңай болған жоқ. Бұған Сұлтанбек Қожанов сияқты арыстар күш салды. «Егемен Қазақстан» газетінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаевтың «Абай.kz» ақпарат агенттігіне шыққан «Қожановтың Қызылордасы» атты мақаласында бұл жайлы жан-жақты тарқатылады. Мұрат Ақынұлы бірінші Сырдария губерниялық партия конференциясында делегаттар тарапынан Қазақстанның астанасы ұлттың ежелгі қонысы – Ташкент қаласы болсын деген ұсыныс айтылғаны да алға тартады. Осыған қарамастан, 1924 жылғы 27 қарашада Қазобкомның, ал 1925 жылғы 19 ақпанда Қазобкомның жауапты хатшысы (республикадағы екінші дәрежелі лауазым) болып тағайындалған Сұлтанбек Қожанов астананы Ақмешітке көшіру керек деген ниетін байқатады. Ол Түркістан орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып тұрған уақытында – 1922 жылғы 12 сәуірде арнайы қаулы шығарып, өзі тарихи атауын қайтарып берген Ақмешіт қаласын ел кіндігі етуге күш салды.

Орынбордан Ақмешітке орталық қаланы ауыстырғанда саяси элита да Сыр бойына келген болатын. Архив құжаттарын негізге ала отырып, тарихи деректерді сөйлетер болсақ, 1925 жылдың сәуір айында Қазақ АКСР кеңестерінің V съезіне сайланған делегаттар мен үкімет мүшелері Ақмешітке келген. Осы қалада сол кезде, яғни 1925 жылғы 15-19 сәуір күндері бес күнге созылған съезд өтті. Бұл съезде ұлттың бейнесіне қатысты екі тарихи шешім қабылданған. Олар ресми құжаттарда қыргыз аталып келген ұлт атауын қазақ етіп, тарихи қателікті жөндеу және Ақмешіт атауын Қызылорда деп өзгерту болды. Бұл жайында облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары Гүлжазира Жалғасова «Алаштың арты қанат ақ ордасы» атты мақаласында: «15-ші сәуірде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қыргыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің V съезі салтанатпен ашылды» деп жазады.

Жалпы ұлт атауына қатысты тарихи қателікті жөндеу жайлы мәселені ел ертеңін ойлаған қайраткерлер бұған дейін де көтерген. Дәлелді алыстан іздемей-ақ ғалым Тұрсынбек Көкішевтің еңбектеріне үйілейік. Ол кісі Сәкен Сейфуллиннің тәуелсіздік жылдарына дейін беймәлім болып келген бірнеше мақаласын тапқан. Соның бірі – 1923 жылы жазылған «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» атты мақаласы.

Ұлт атауына келгенде бәрі түсінікті, ел қамын жеген азаматтар әбден ойланып, толғанып барып қабылданған шешім. Ал Қызылорда атауы ше? Бұл жайында тарихшы ғалым

Басы 1-бетте

Хазретәлі Тұрсын өзінің «Алаш қозғалысының оңтүстік қағанаты» атты еңбегінде архив құжаттарына негізделген мәлімет келтіреді. Ғылыми еңбекке Дінше Әділовтің 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабы енгізілген. Онда: «Қожанов, мен, Есболов Табынбаевтың үйінде түскі ас іштік. Съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде үкімет көшіп келген Ақмешіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілген болатын. Жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықов ойлап тапты. Одан «неге?» деп сұрадық. Бұл қос қатпарлы атау, ол екі жақты да қанағаттандыруы тиіс екенін

Қызылорда-Мәскеу: Алғашқы ұшақ Сырдан ұшқан

Астана мәртебесіне қол жеткізгеннен соң түрлі мекемелер мен өндіріс орындарының іргетасы қалана бастады. Орта және арнаулы оқу орындары бой көтерді. Тағы бір айта кетерлігі, ғылыми-зерттеу, жер қыртысын зерттеу, мал дәрігерлік-бактериологиялық және де басқа институттар өз жұмысын осы қалада бастаған.

Сол тұста әуе қатынасы мен байланыс жүйесі іске қосылды. 1926 жылы маусым

университеттері мен бірнеше колледж жұмыс істейді. Олардан білім алған шәкірттер еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі салада қызмет атқарып жүр.

Тәуелсіздік жылдары аймағымызда қазіргі заманға лайықталған соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған медициналық, диагностикалық және қайта сауықтыру орталықтары салынды. Бүгінде облыс даму қарқыны бойынша еліміздегі қошбасшы аймақтар қатарына қосылды. Өртраптандыру шаралары белсенді түрде жүргізіліп келеді. Нәтижесінде аймақ экономикасының жаңа құрылымы қалыптасты.

аймақ және 3 ірі парк пен жасыл желекті аймақтар қарастырылып отыр. Бүгінде Сырдария өзенінің сол жағалауында алыстан-ақ көз жауын алатын «Болашақ» университетінің ғимараты мен заманауи үлгідегі IT-парк бар жастар ресурстық орталығы орналасқан. Одан бөлек 700 оқушыға арналған жеке мектеп және 320 орындық балабақша да осында ірге тепті. Ал сонау 1925 жылы Қыргыз АССР-нен Қазақ АССР-і деп өзгерту туралы шешім қабылданған Қазақ Орталық Атқару Комитетінің ғимараты бүгінде қайта жаңғыртылып (сызба негізінде қайта салынған), онда қалалық музей жұмыс істеуде. Сол жағалаудан ауданы 3 миллион шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланып, соның 1 миллионы 2025 жылға дейін жобаның бірінші кезеңі аясында пайдалануға берілімек. Нәтижесінде алдағы 50 мың тұрғын қоныс тойын тойласа, жоба соңында жалпы саны 150 мың тұрғын баспаналы болады деп күтілуде. Жоба бойынша қаланың жаңа аумағында 16 мектеп пен 12 балабақша салынбақ. Бұдан бөлек 4 денсаулық сақтау мекемесі, яғни 100 келушіге арналған емхана бар 300 тесетік көпбейінді аурухана, отбасылық медицина орталығы және облыстық қан орталығы халыққа қызмет ететін болады.

Дария жағасында орналасқан қалада бұдан да бөлек қаншама құрылыс бар. Соның бір дәлелі ретінде «Анаға тазғым», «Неке сарайы», «Өнер орталығы», «Қан орталығы» сынды іргетасы қаланған алып құрылыс нысандарын атап өтуге болады. Жылу электр станциясының да іргетасы қаланғанын көшілік жақсы біледі. Бұған қоса бұдан спорттық ойын алаңын қосыңыз. Алдағы уақытта жаңа облыстық аурухана мен әуежай салынады деп күтілуде. Осыған қарап-ақ облыс орталығының алып құрылыс алаңына айналғанын аңғаруға болады.

Мақаланы ақын Махмұтбай Әміреулының: – Дүбірлі дүлдүлдердің ізі қалған, Жүделі жүйріктердің жүзі жаңған. Ежелгі Сырдың елі, жырдың елі, Киелі, қасиетті – Қызылордам, – деген өлең жолдарымен аяқтағанды жөн санадық.

Әмір ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

КӨРКІҢЕ КӨЗ ТОЙМАС, СӘУЛЕТІҢЕ СӨЗ ЖЕТПЕС – ҚЫЗЫЛОРДА!

айтты. «Қызыл» – демек большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – ұлттық атау. Демек ол жақ та, бұл жақ та кінә арта алмайды. Бұл ұсыныспен келістік. Сұлтанбек Қожанов съезде кезектен тыс сөз алып, ұсыныс жасады: бірінші ұсыныс Қыргыз республикасын Қазақ республикасы деп атау керек десе, екіншісі – Ақмешіт қаласын Қызылорда деп атау жөнінде. Съезд екі ұсынысты да бірауыздан қабылдады» делінген. Бұдан Қызылорда атауын съезде көпшілікке ұсынған Сұлтанбек Қожанов болса, оны ойлап тапқан Қоңырқожа Қожықов екенін көруге болады.

Қызылорданың түпкі мағынасы – Алтын Орда

Тәуелсіздік алғалы бері Қызылорда атауына байланысты түрлі пікір айтылуда. Жалпы Қызылорда сөзін кеңестік заманмен байланыстыратындар аз емес. Сол себепті «Ақмешіт» немесе «Қамысқала» деген тарихи атауын қайтарайық деген де бастама көтерілді. Тіпті облыс атауын Сырдария деп өзгертейік деген ұсыныс та болған. Ақмешітті Қызылорда деп атаған арыстарымыздың бізден әлдеқайда білімді, қай жағынан келсе де олар оран алатын қабілеті болғанын ескеруіміз қажет. Осы ретте филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата университетінің профессоры, елге белгілі тілтанушы маман Аман Абасиловтың облыстық «Сыр бойы» газетіне жарияланған «Қызылорда атауына терең бойласақ» деген мақаласынан үзінді келтіре кетейік. Ғалым: «Ол заманның зиялылары алыстан ойлайтын ұлылар, абыздар ғой. Алаш арыстарының азат ойлай алатыны, сөз мағынасы тек лингвистикалық білім ғана емес, дүниелік білім беретіндігіне де жіті көңіл аударғаны танғалдырады. Белгілі әдебиетші-ғалым Ғабит Тұяқбаевтың Әзербайжан еліне барған іссапарында өзін қарсы алған әзербайжан әріптестерінің «Қызылорда» атауын «Алтынорда» мағынасында қолданғанына риза болдым деп айтқаны бар еді. Міне, бұл атаудың түркілік дүниетанымызды білдіретіндігінен де хабар берелі. Сондықтан «Қызылорда» атауына сол ұлыларымыз сияқты байыппен қарағанымыз дұрыс» деген пайым жасайды.

Қалай десек те Қызылорда атты қаланың жаңа атауы 1925 жылы жұртшылық тарапынан қолдау тапты. Қызылорда уездік қалалық Советі атқару комитеті осы тұрғыда жаңа қаулы шығарып та үлгерді. Бұл қаулыға сәйкес барлық мемлекеттік кооперативтік және тағы басқа ұйымдар, өндіріс орындары, мекемелер, басқа ұйымдар, бір ай мерзімі ішінде барлық штамптар мен мөрлерін ауыстыруға міндеттелді.

айында аспанға тұңғыш рет Қызылордадан ПО-ұшағы көтеріліп, Мәскеуге бет алды. Бұл ұшақ Қазақ Республикасының астанасы Қызылордадан Мәскеуге әуе жолын ашқан алғашқы рейс болатын. 1925-1926 жылдары білім беру институты, кеңес-партия мектебі, медицина, қаржы, көлік-механикалық, геоботаникалық сала мамандарын дайындайтын техникумдар ашылды. Тұңғыш театрмен қатар «Еңбекші қазақ», «Советская степь» республикалық басылымдары шыға бастады. Сол кезде Қызылордадан бүкіл республикалық басылымдардың шыққанын атап өткеніміз жөн. Олардың қатарында жоғарыда атап өткен екі басылымнан бөлек, бүгінгі «Қазақстан әйелдері» (ол тұста «Әйел теңдігі» деген атпен шыққан) журналы, «Жас алаш» (кеңестік дәуірде «Лениншіл жас» деп аталған) газеті сынды бірнеше баспа БАҚ болды. Тіпті «Қазақ радиосы» да Қызылордадан хабар таратып тұрды.

Кенес заманында қалада қатырма қағаз, аяқкиім, механикалық және күрші зауыттарымен қатар бірнеше фабрика іске қосылды. Қызылордада педагогикалық институт пен Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институттарының филиалы және бірнеше арнаулы оқу орны жұмыс істеді. Облыс көлемінде көптеген мектеп салынды.

Сәулеті сымбатты Қызылорда

Еліміз тәуелсіздік алған соң да Қызылорда өз дамуын тоқтатқан емес. Бүгінде халықтың әлауқаты артып, қаланың аумағы кеңейіп келеді. Тәуелсіздік жылдары облыс аумағында 300-ден аса білім беру және денсаулық сақтау нысандары салынды. Аймақта Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік және Болашақ

Облыс аграрлық аймақтан индустриалды-аграрлық өңірге айналды. Соңғы жылдары 30-дан астам жаңа мұнай кеніші ашылды. Уран өнеркәсібін дамыту жолға қойылды. Әлемдегі ең ірі ванадий кенішінің бірі – «Шалқиянның» жұмысы қайта жанданды. Шикізаттық емес секторды дамытуға да ден қойылған. Бірер жыл бұрын цемент зауыты ашылып, ел игілігін көруде. Бірнеше жыл жыр болған шыны зауыты да іске қосылып, жұмысын бастады. Қазір Қызылордадан шыны шығады деп ұялай айтуға болады.

Облыс орталығында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары өңір әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Қызылорда қаласының бірнеше аумағынан салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйлерді айтпағанның өзінде Сырдария өзенінің сол жағалауынан жаңа қалашықтың бой көтеріп жатқаны көңілге қуаныш ұялатады. Осы тұста Сырдария өзенінің сол жағалауында атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталғанды жөн көрдік. Қарқынды түрде құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан аймақ жұртшылықтың да ерекше қызығушылығын туғыруда. Сол жағалауды кешенді игерудің алғашқы кезеңі 2017-2024 жылдар аралығына белгіленген. Десе де бұл бағыттағы жұмыстар мерзімінен бұрын басталды. Екі аралықты байланыстырып тұрған көпірдің өзі мұндағы толассыз тірлікке дем бергендей әсер қалдырады. Өйткені осы көпір салынғаннан кейін дарияның арғы беті мен бергі бетіне еркін қатынауға мүмкіндік туыды. Қаланың бас жоспарына сәйкес, аталған аймақтың 1532 гектарын игеру көзделген.

Негізінен сол жағалаудағы аумақ 15 ауданнан құралады. Атап айтқанда, тұрғындарға арналған 11 аудан, 1 индустриалдық



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада «Ұлағатты ұрпақ – ұлт болашағы» тақырыбында балалар жылын қорытындылау шарасы өтті.

ҰЛАҒАТТЫ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Оған облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов пен Рахат Наурызбаева, Оразбай Қосанов, Қуат Адис, Еркеңіс Әбдиевтей балалар ақындары қатысты.

Танымы терең тағылымдық кеште бүлдіршіндер қойылым қойып, жергілікті ақындардың өлеңін жатқа оқыды. Ұла бойы

қазақ балалар әдебиетіне қалам тартқан ақын-жазушыларды арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен марапаттап, осы бағытта берілген тапсырмалар мен атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды.

– Халқымызда «Тәрбие – тал бесіктен» деген сөз бар. Бала сөзінің түбірі бал деп тұр. Яғни әрбіріміз үшін баланың



тазалықтан тұратын балапандар тәтті қылығы бір қарағанда-ақ жаныңды баурап алады. Жалпы адамзаттың асқақ тұлғасы бала бейнесінен бір сәт те өзгермейді, өзгермек те емес. Баланың жан дүниесі сезімтал келеді. «Балаға ақыл айта, ісінмен көрсет» деген даналық өсиет өміршеңдігін жоймақ емес.

Кеште балалар әдебиеті өкілдеріне облыс әкімінің алғыс хаты табысталды.

«Қаламгерлердің көбі балаларға арнап жазуға бейім емес. Өйткені баланың өз тілімен оның арман-ойын, мінез-құлқы мен іс-әрекетін деп басып жеткізуге шамалары келе бермейді», – деген Қатира Жәленованың сөзінің жаны бар.

Расымын, балалар әдебиеті үлкен ізденісті, таудай талантты қажет етеді. Бала болмысын бозмасын бағамдау оны өлеңмен өрнектеу Абай айтқан «Тілге жеңіл, жүрекке жылы» тигетін етіп жазу аса оңай дүние емес.

Басқосуда басқарма басшысы сөз алып, балалар тақырыбы төңірегінде тұщымды ой айтты.

Балалар жылында ұйымдастырылған түрлі мәдени шаралар мен байқауларда белсенділік танытқан балалар мен кітапхана оқырмандарын арнайы құттықтап, халықтық тәрбие мен көркемөнеріңдегі ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып келе жатқан, казіргі

орны ерек. Адамзат өмірінде баланы мейірім шапағатқа, білім-парасатқа, ілім-ғылымға баулуын орны өзгеше. Қазақ тарихында ертегілер мен ауыз әдебиеттің басты тыңдарманы, оқырманы бала. Қысқа жазу таланттының белгісі. Баланың ой өрісіне оңай сіңетін қысқа сапалы шығарма жазу нағыз дарынның қолынан келеді. Балалар жылының басты жетістігі бала шығармасын дамыту. Баладан дана шығару – барлығымыздың ортақ міндетіміз. Балалар шығармаларын жинақтап, келер жылы кітап шығару жоспарлануда. Біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таба бермек, – деді басқарма басшысы.

Мерекелік шарада балаларға арналған кең көлемді кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітапхананың өнерпаз оқырмандары, «Еркем-ай балапан» балабақшасының балдырғандары «Қызыл телпек» ертегісін сахналап, көрермен қосметіне бөленді. Түркияның Измир қаласында өткен халықаралық балалар ойындары фестивалінің жеңімпазы Ержігіт Сармырзаев әсем ән шырқаса, «Қарақат» мектеп студиясының бүлдіршіндерінен құралған бишілер тобы «Қазақ биі», «Сыр ересі» балабақшасы бүлдіршіндері «Балбырауын» биін биледі.

Т.ШАЙДУЛЛА

СЫР САХНАСЫНДА ЖЫР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Қазақ даласы Сыр жағалауын жырдың Алатауына балап, қасиетті өнерді қай заманда болсын айрықша құрмет тұтты. Дарияны жағалай мекендеген халықтың жыр дариясы да, Сырдариясы да қатар толқып жатыр. Балалар мұрасын бағалай білген байтақ мекен – осы өнерлі өлке.

Замана көшінде жалғасы үзілмеген жыр аулық өнердің мұрагерлері баба сөзін жүрегіне жаттап, ұлттық болмысымыздың бәсін биік ұстап келеді.

Сыр сахнасында жыршы-жыраулардың «Жыр күмбез» аты жыр жәрмеңкесі өтті.

Сыр сұлейлерінің сүрлеуі қайта жаңғырған жыр кешінде көрермен көңілі жырмен сусындады. Тұран дала төсінде дәуір үні күмбірлеп, өткен күннің жыр мұрасы болашақпен үндесіп, тілдесіп жатқандай әсер сыйлады.

Жыр кешінде күллі түркі жұртына ортақ Көрғұлы дастанын белгілі жырау



Терме, толғау тәрбиелі тәлімі», – деп дүбірлі доданың мәйегін жырымен айшықтай түсті.

«Ақмешіт» фольклорлық ансамблі ерекше күй қосып, ұлттық өнер ұлағатын өрнектей түсті.

Сыр сұлейлерінің дәріпті жалғасындай болған жыршы жырауларымыз шайырлар шығармаларын нақышына келтіре орындағанда тыңдарманның рухы сілкінді. Міне, өнер, міне, талант деріс іштей. Ақ домбырасымен алқалы әлеуметке ақелден жырдың ақтарған жампоз жыраулардың жыр жәрмеңкесінде Нұрғұтан, Нұрмағамбет, Жаңабеген, Жаппарбері, Дәрігул, Сәрсенбай, Жиенбай, Дүр Оңғар, Тұрмағамбет, Шорақтың Омары, Кете Жүсіп, Ешнияз сал, Нартай есімдері жаңғырып жатты.

Ғасырлар түкпірінен күні бүгінге жалғасқан жыраулардың мақам мәйегі мәңгілік сарынындай сезіледі. Сырдың бойында шоқтығы биік өнер иесі Тасберген жырау болса, Сыр сұлейінің «Манырама» деген атпен танылған мақам-сазы ел жүрегіне ерекше күйге берейді. Тыңдарманның құлақ құрышын қандырып, көңіл сарайына сәуле құйғандай сезімге жетелейді.



Бидас Рүстембеков, Айгерім Ешбаева, Ұлжан Байбосынова орындап, өнерсүйер қауымның рухын аспандатты. Мәдениет қайраткері Алмас Алматы Балқы Базар Оңдасұлының «Өсиет» шығармасын нақышына келтіре орындады.

Содан соң сахна төріне көтерілген ақын Айдос Рахметов:

«Арма, ағайын, жыр деп соққан жүрегі,

Жырауларды аңсап, тыңдар үнемі, Сұлейлердің салып кеткен даңғылы, Жасай бермек өзін бар да Сыр елі. Балқы Базар болған жырдың алыбы, Өлі өшкен жоқ жырларының жалыны. Ғасырлардан-ғасырларға жалғасты,



Жыр кешінде осы шығарманы Мәдениет саласының үздігі Серік Жаксығұлов нақышына келтіре жырлады.

Жыр кешінде Ұлжан Байбосынова, Айгерім Ешбаева, Майра Сәрсенбаева, Шолпан Бейімбетова, Ғазиза Шаймаханова, Зулфия Баймырза, Тоғжан Бақытова, Ақерке Өтелбергенова, Ақмарал Ноғайбаева орындаған жыр мерейі тасқиндап жатты.

Жыр жампоздарына аймақ басшысының ықылас гүлі ұсынылып, шараны облыс әкімінің орынбасары Нұрмбет Сақтағанов қорытындылады.

– Жыр жампоздарына үлкен ризашылығымыз білдіреміз. Сырдың дәстүрлі жыр мектебі әлі талай биікке шығарды. Дәстүрлі өнер мәңгілік өрістей бермек. Дауыстың қуаты, жырдың екпіні, мақамның өткірі адамды бей-жай қалдырмайды. Тұнып тұрған тәлім-тәрбие. Талантты да, талапты өнер тарландары қырағы көрерменнің оң бағасын алды деп есептеймін. Сыр сұлейлерінің соны соқпақ салған сүрлеуі тағы бір мәрте биіктей түсті. 1925 жылы қазақ өнерін Парижде паш еткен Өмірден соң араға алпыс жыл салып Алмас Алматы эпостық өнерді Еуропада әулеткенін әлем білді. Жыр – халықтың жүрегі тербеткен ұлы өнер. Бүгін Алмас Алматы пен Бидас Рүстембековтің шәкірттері сол киелі өнерді кемеліне келтіре жаңғыртты. Осынау дәуірлі өнер керуені жаңғыра беруіне тілекшімін, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Сыр аспанына жыр күмбезін орнатқан кеш осылайша жоғары деңгейде қорытындыланды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Балаларым қазақтың ет тамағын жақсы көреді. Екі күн демалыста етті былқытып асып, қолдан қамыр жайып жегенге не жетсін?!

ЕТ ЖЕМЕСЕҢ, ТҮСІҢЕ КІРЕДІ...

Расында, бір күнін етсіз елестете алмайтын қазақтың ұрпағымыз. Әсіресе, қыс мезгілінде. Үлкен тамаққа үйдің үлкендерін қонаққа шақыратын әдетім. Осындай бір ас-ауқаттың үстінде қазақтың соғымы жайлы сөз болды. Өңімінен енем бастады...

– Еттерің бар ма үйде? Күннен-күнге ет қымбаттап жатыр екен...

– Бүгін соғым етті қазанға салдым. Өзіңіз білесіз, биыл етті келілеп алып отырмыз.

Үлкен кісілер келілеп алған етті соғым боймайды дейді. Қысқа арнап жылқы, сиыр байлап соймайынша астың дөмі кірмейді деген пікірде. Себебі, денсаулықтың мықты болуы құнарлы тамақтануға да байланысты екені анық.

– Аталарың күздің соңы айында соғымға арнайы мал дайындайтын. Әсіресе жылқы етін дөміреді. Денсаулыққа пайдасы да зор. Оның үстіне далада жер басып жайылған малдың еті дәмді болады. Ол кезде кеңшілік заман ғой. Бір бас малды арнайы соғымға сойып, үй-үй болып кеткен ұлдарға таратып беретіңіз, – деп әңгімесін жалғады енем.



Расында, қыстың қамын жазда ойлайтын ағайын күн суыта бастағаннан ала соғымға кірісетін. Еміс-еміс есімде, соғымның берері мол. Ел-жұртты береке мен бірлікке шақырады. Соғым сою – қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрінің бірі. Оған жылқы, түйе, сиыр сойылады.



– Соғым союдың өзі кішігірім той сияқты өтетін. Өулеттің ер кісілері мал союмен және оны жіліктеумен айналысады. Ал әйелдер қауымының міндеті ішек-қарын аршу мен қазы тыту. Бұл дәстүр кезінде жиналған ағайындардың әзіл-қалжыңы, маз-мейрам болған балалардың күлкісі адамға ерекше сезім сыйлайды. Сондықтан да дәстүрдің өз құндылығы бар. Бүгінде ауызбіршілік артта қалып барады, – деді ол кісі.

Көпті көргені айтқан өңгімесінен аңғарылатын енемнің сөзінің жаны бар. Бүгінгі ұрпақ қазақлықты сақтамай өсіп келе жатыр. «Соғым шүйгін болсын», «қазан майлы, көңіл жайлы болсын» деген тілектерді айтып, «соғым

басын» жейтін салттың сәні бүгінде қашып тұр. Жөн-жосықты білетіндер «Береке қашады», «жалғыз қалады» деген ырыммен соғым басын қонақ шақырмай, өздері ет жемейтін. Дегенмен қазіргі таңда соғымды сою, кеңшілік жасайын десе, нарық қалтаны қысып тұр. Еттің құны шарықтап барады.

БАҒА ШАРЫҚТАП БАРАДЫ

Соғымды сойып, қазы қосылған етті жеуді кім де болса армандайды. Тек дағдарыс қалтаны қысып тұр. Нарықта ет бағасы күн өткен сайын қымбаттай түседі. Мал сатумен айналысатын Ақылбек Сыздықбаев: «Базарда жылқы 280-450 мың теңгеден, сиыр 180-400 мың теңгеден, қой 40-70 мың теңге аралығында сатылымда» дейді. Мұндай бағаға жылқы немесе сиыр сатып алуға қара халықтың қалтасы көтере қоймас. Сондықтан да келілеп алып, соны талғажау етеді.


Қала тұрғындары соғым соя ма, сойса қайдан алып, қанша мал сояды? – деген сауалдарға жауап іздеп көрдік. Әркім әрқалай жауап берді. Бірқатары базардан алса, ауылдан арнайы соғым алдыратындары да бар екен.

Соғым туралы сөз еткенде қазы-қарта жал-жаыны айтпай кете алмайсыз. Демек, қыстың аязды күндері қазыдан дәм татқыңыз келсе, жылқы етін қысқа азық етіңіз.

Айтқын АЙТЖАНОВА

Газетіміздің келесі саны 16 желтоқсан, жұма күні шығады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына авторына, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3737 Тапсырыс №2103 Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ